

## Қостанай облысы Жітіқара ауданы Приречный ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 228 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 маусымда № 4809 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 84 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 30.11.2023 № 84 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 25.01.2022 № 122 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Жітіқара ауданы Приречный ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 25.01.2022 № 122 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Жітіқара ауданы Приречный ауылы жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 25.01.2022 № 122 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара аудандық

мәслихатының хатшысы

М. Кененбаева

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы Жітіқара

ауданы Приречный ауылының

әкімі

\_\_\_\_\_ Н. Уразалинов

Мәслихаттың

2014 жылғы 23 сәуірдегі

№ 228 шешіміне 1-қосымша

**Ескерту.** 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 25.01.2022 № 122 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Қостанай облысы Жітіқара ауданы Приречный ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің қағидалары**

**Ескерту.** 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 25.01.2022 № 122 шешімімен (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Жітіқара ауданы Приречный ауылының бөлек жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес өзірленді және Приречный ауылы тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участкерлерге (көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Приречный ауылының әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Приречный ауылының әкімімен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе езге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл, көше шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Приречный ауылының әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Приречный ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Приречный ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудан мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Приречный ауылының әкімінің аппаратына беріледі.

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 25.01.2022 № 122 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Қостанай облысы Жітіқара ауданы Приречный ауылының жергілікті қоғамдастық жиынтына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 24.12.2019 № 365 шешімімен (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Приречный ауылы көшелерінің атауы	Өкілдер саны (адам)
1	Жакеев көшесі	2
2	Маковей көшесі	2
3	Степная көшесі	2
4	Клубная көшесі	2
5	Днепропетровск көшесі	2
6	Абай көшесі	2
7	Ленин көшесі	2
8	Набережная көшесі	2
9	Минская көшесі	2
Барлығы		18